

"БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙ" АҚ
ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ

К е л і с і л д і

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және
қаржы ұйымдарын бақылау мен
қадағалау комитетімен
2013 жылғы 8 ақпанда

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын бақылау мен қадағалау
комитетінің төрағасы

Қ.Б. КОЖАХМЕТОВ

Б е к і т і л д і

"Бағалы қағаздар орталық
депозитарийі" АҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен

(2012 жылғы 29 желтоқсандағы
отырыстың № 22 хаттамасы)

2013 жылғы 1 сәуірден бастап

қолданысқа енгізілді

Төлем агенті қызметін көрсету
ҚАҒИДАСЫ

Алматы қ.

2013

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгерістер мен толықтыру:

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2016 жылғы 19 ақпандағы отырыстың № 5 хаттамасы);
- 2016 жылғы 16 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгерістер мен толықтыру:

- "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2016 жылғы 8 желтоқсандағы отырыстың № 15 хаттамасы);
- 2017 жылғы 16 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Қағида Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы", "Акционерлік қоғамдар туралы" және "Төлемдер мен ақша аударымдары туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 254 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы № 409 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногында төлем агентінің қызметін жүзеге асыру ережесіне (бұдан әрі – Төлем агенті қағидасы), Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-ның (бұдан әрі – Орталық депозитарий) бағалы қағаздар нарығындағы төлем агенті функцияларын жүзеге асыру шарты мен тәртібін айқындайды *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

Осы Қағида Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағының құрамдас және ажырамас бөлігі болып табылады *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

Осы Қағида "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 81-бабының 2-тармағын орындау мақсатында бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен ықпалдастық тәртібі бар Орталық депозитарийдің Қағидалар жинағының бөлігі болып табылады (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған және оның номиналды ұстауына берілген мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарға қатысты Орталық депозитарийдің төлем агенті функцияларын жүзеге асыруға қатысты бөлікте) *(осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

1-бап. Осы Қағиданың қолданылу салаларын шектеу

1. Осы Қағиданың қолданылуы Орталық депозитарийдің мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталары, муниципалдық бағалы қағаздар және Қазақстан Республикасынан басқа өзге мемлекеттер заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар бойынша төлем агенті функцияларын жүзеге асыруға таратылмайды.
2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Орталық депозитарийдің мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша соңғының төлем агенті функцияларын жүзеге асырған кездегі ықпалдастығы:
 - 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 сәуірдегі № 466 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін шығару, орналастыру, айналысқа қосу, қызмет көрсету және өтеу қағидасымен;
 - 2) Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Орталық депозитарийдің "Мемлекеттік қазынашылық

міндеттемелерге қызмет көрсету және өтеу қағидасы" деген ішкі құжатымен (2006 жылғы 16 қарашадағы отырыстың № 2 хаттамасы) *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*

- 3) Орталық депозитарийдің Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен жасаған Орталық депозитарийде мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің шығарылымына қызмет көрсетуге арналған шартпен реттеледі.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Орталық депозитарийдің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарына қатысты соңғының төлем агенті функцияларын жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 21 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатын іске асыру шеңберінде аукциондар өткізу қағидаларымен реттеледі *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*
4. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының және Орталық депозитарийдің муниципалдық бағалы қағаздар бойынша соңғының төлем агенті функцияларын жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимылы:
 - 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 2 қазандағы № 1520 қаулысымен бекітілген облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздар шығару қағидаларымен;
 - 2) Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген "Муниципалдық облигацияларға қатысты депозитарлық және өзге қызметті жүзеге асыру қағидасы" атты Орталық депозитарийдің ішкі құжатымен (2010 жылғы 16 шілдедегі отырыстың № 6 хаттамасы);
 - 3) муниципалдық облигацияларға депозитарлық қызмет көрсетуге шартпен реттеледі.

(Осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).
5. Есептік ұйым мен Орталық депозитарийдің Қазақстан Республикасынан басқа өзге мемлекеттер заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар бойынша соңғының төлем агенті функциясын жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимылы есептік ұйымның қағидасымен реттеледі.

2-бап. Негізгі ұғымдар мен шартты белгілер

1. Осы Қағидада Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған ұғымдар пайдаланылады.
Осы Қағидада пайдаланылатын басқа ұғымдар Орталық депозитарийдің басқа ішкі құжаттарында айқындалған ұғымдармен бірдей.
2. Осы Қағидада Орталық депозитарийдің "Депозитарлық қызметті жүзеге асыру қағидасы"¹ атты ішкі құжатының 1-бабының 2-тармағында және Орталық депозитарийдің "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру қағидасы"² атты ішкі құжатының 1-бабының 2-тармағында ескертілген шартты белгілер пайдаланылады (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді*).
3. Осы Қағиданың мақсаты үшін:
 - 1) ұстаушы деп олар (дивидендтер, сыйақылар, өтеу кезіндегі номиналдық құн) бойынша ақша төлемін алуға құқығы бар қаржы құралдарын ұстаушы түсініледі;
 - 2) облигациялар деп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес облигациялар түсініледі.

3-бап. Төлем агенті ретіндегі Орталық депозитарийдің қызметі туралы жалпы ережелер

1. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 80-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Орталық депозитарий қаржы құралдары бойынша кірістерді төлеу бойынша және оларды өтеу кезінде төлем агенті функцияларын жүзеге асырады.
2. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы заңының 22-бабының 3-тармағына сәйкес төлем агенті қызметтері акциялар бойынша дивидендтерді төлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.
"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңының 31-бабының 3-тармағына сәйкес төлем агентінің қызметтері эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірісті және оларды өтеу кезінде облигациялардың номиналдық құнын төлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.
3. Төлем агенті қағидасының 2-тармағына сәйкес бағалы қағаздар эмитенті төлем агенті қызметін көрсету туралы жасалған шартқа сәйкес осы бағалы қағаздар бойынша кірістерді және оларды өтеген

¹ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2010 жылғы 10 тамыздағы отырыстың № 7 хаттамасы).

² Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2010 жылғы 27 тамыздағы отырыстың № 8 хаттамасы).

кезде осы бағалы қағаздардың номиналдық құнын төлеген кезде төлем агенті қызметтерін пайдалануға құқылы.

4-бап. Төлем агенті функцияларын жүзеге асыру туралы жалпы ережелер

1. Орталық депозитарий мемлекеттік емес бағалы қағаздарға қатысты барлық төменде тізбеленген талаптарға сәйкес келетін төлем агенті функцияларын жүзеге асырады (*осы абзац Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 ақпандағы шешімімен толықтырылды*):
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар;
 - 2) бағалы қағаздар Орталық депозитарийдің номиналдық ұстауында болады;
 - 3) бағалы қағаздарды Орталық депозитариймен төлем агенті қызметтерін көрсетуге шарт жасаған эмитенттер шығарған;
 - 4) бағалы қағаздар эмитенті осы Қағиданың 5-бабына сәйкес өздері туралы мәліметті Орталық депозитарийге ұсынды (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 ақпандағы шешімімен өзгертілді*).
2. Орталық депозитарийдің төлем агенті функцияларын жүзеге асырумен байланысты, Орталық депозитарийдің төлем және өзге құжаттарды қабылдау мен беру тәртібі оның "Операциялық құжаттарды қабылдау мен беру қағидасы"³ деген ішкі құжатымен белгіленеді (*осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 ақпандағы шешімімен өзгертілді*).
3. Орталық депозитарийдің төлем және Орталық депозитарийдің төлем агенті функцияларын жүзеге асыруға байланысты өзге құжаттарды қабылдау мен берудің басталу және аяқталу уақыты оның "Операциялық регламент"⁴ деген ішкі құжатымен белгіленеді.

5-бап. Бағалы қағаздар туралы мәліметтер

1. Орталық депозитарийдің төлем агенті қызметін көрсетуге арналған шарт жасаған кезде мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитенті (бұдан әрі – Эмитент) Орталық депозитарийге осы Қағидаға 1-қосымшадағы нысан бойынша Орталық депозитарий төлем агенті болып тағайындалған аталған Эмитент шығарған бағалы қағаздар туралы мәліметтерді (бұдан әрі осы бапта – бағалы қағаздар туралы мәліметтер) береді.

³ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2011 жылғы 10 маусымдағы отырыстың № 4 хаттамасы).

⁴ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2010 жылғы 27 тамыздағы отырыстың № 8 хаттамасы) (*осы сілтеме Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 ақпандағы, 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімдерімен өзгертілді*).

2. Эмитенттің Орталық депозитарийге аталған Эмитент шығарған бағалы қағаздар туралы мәліметтерді беруі Орталық депозитарийдің бағалы қағаздардың осы шығарылымы бойынша төлем агенті болып тағайындалғанын білдіреді.
3. Бағалы қағаздар туралы мәліметтерді Эмитент шарт жасаған кезде, сондай-ақ Орталық депозитарий төлем агенті болып тағайындалған бағалы қағаздар туралы мәліметтердің кез келгені өзгерген жағдайда береді.
4. Орталық депозитарий Эмитенттен бағалы қағаздар туралы мәліметтер алған күннен кейін келесі күннен кешіктірмей Эмитентке аталған мәліметтерді қабылдау немесе оларды қабылдаудан бас тарту туралы есеп жолдайды.

Бағалы қағаздар туралы мәліметтерді қабылдаудан бас тартуға негіздемеге төмендегідей себептер негіз болуы мүмкін:

- 1) толтыру үшін міндетті деректемелердің болмауы;
- 2) қағаз нұсқада берілген бағалы қағаздар туралы мәліметтерге қолтаңбалар мен аталған Эмитенттің мөр бедерінің үлгілері бар карточкада көзделмеген тұлғаның қол қоюы;
- 3) қағаз нұсқада берілген бағалы қағаздар туралы мәліметтердің қолтаңбалар мен аталған Эмитенттің мөр бедерінің үлгілері бар карточкада көзделмеген мөрмен куәландырылуы.

6-бап. Орталық депозитарийдің дивидендтерді, сыйақыларды немесе облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алуға құқығы бар ұстаушылар тізімін беру тәртібі

1. Дивидендтерді, сыйақыны немесе облигацияларды өтеген кезде номиналды құнды алуға құқығы бар ұстаушылардың тізімін Орталық депозитарийден алу үшін (бұдан әрі – ұстаушылардың тізімі), эмитент Орталық депозитарийге аталған тізімді беруге сұратуды Орталық депозитарийге жіберуі тиіс.

Көрсетілген сұрату осы Қағиданың 2-қосымшасындағы нысан бойынша жасалады және Орталық депозитарий ұстаушылардың тізімі жасалуы тиіс күндегі жағдай бойынша уақыттың сәті басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей алынуы тиіс.

2. Ұстаушылардың тізімі жасалуы тиіс күндегі жағдай бойынша уақыттың сәті басталғаннан бастап сегіз жұмыс сағаты ішінде Орталық депозитарий:
 - 1) Эмитентке көрсетілген сәттегі жағдай бойынша осы Қағидаға 3-қосымшадағы нысан бойынша жасалған ұстаушылардың тізімін жолдайды *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді);*

- 2) келесі ақпарат бар хабарламаны (әрбір жеке депонентке қатысты) ұстаушылар тізіміне енгізілген депоненттерге және/немесе олардың клиенттеріне жіберіледі:

дивидендтерді, сыйақыны немесе облигацияларды өтеген кезде номиналды құнды алдағы төлеу туралы;

осы депонент және/немесе оның клиенттері ұстаушылар тізіміне енгізілгені туралы.

3. Орталық депозитарийдің осы баптың 2-тармағына сәйкес Эмитентке және ұстаушыларға жіберетін құжаттарына Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес осындай құжаттарға қол қоюға уәкілетті Орталық депозитарийдің қызметкерлері қол қояды, сондай-ақ – қағаз тасымалдағышта осындай құжаттарды жасаған кезде – Орталық депозитарийдің мөрмен бекітіледі.

(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 ақпандағы шешімімен өзгертілді).

7-бап. Орталық депозитарий мен Эмитенттің дивидендтерді, сыйақыларды немесе облигацияларды өтеу кезіндегі номиналды құнды төлеу кезіндегі өзара іс-қимылы

1. Эмитент ұстаушылардың тізімін беруге Эмитент сұратуында көрсетілген төлем аяқталған күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей деректемелері Орталық депозитарийдің⁵ интернет-сайтында жарияланған Орталық депозитарийдің банктік шотына толық сомада дивидендтерді, сыйақыларды немесе облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды төлеу үшін арналған ақшаны есептеуді қамтамасыз етуге міндетті *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).*
2. Орталық депозитарийден ұстаушылар тізімін алуы бойынша Эмитент облигацияларды өтеу барысында дивидендтерді, сыйақыны немесе номиналды құнды төлеу үшін ұстаушылар тізімі негізінде құрастырады (бұдан әрі – Эмитент тізімі).

Эмитент тізімі ұстаушының әрбір жеке банктік шотына аударуға жататын ақша сомасы туралы толықтырылған мәліметтермен ұстаушылар тізімін ұсынады.

Эмитент тізімі осы Қағиданың 4-қосымшасындағы нысан бойынша жасалады және Орталық депозитарийдің "Операциялық регламент" деген ішкі құжатына 1-қосымшаның 4.2. жолымен белгіленген уақытты сақтай отырып, ұстаушылар тізімін беруге Эмитент сұратуында көрсетілген төлем аяқталған күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей Орталық депозитариймен алынуы тиіс.

⁵ http://www.kacd.kz/ru/about_KACD/requisites/paymentagent/ мекенжайы бойынша жарияланды *(осы сілтеме Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен енгізілді).*

3. Орталық депозитарий Эмитент тізімін алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийдің көрсетілген тізімінде келтірілген мәліметтерді ішкі есебінің келесі деректеріне сәйкестігіне тексереді (әрбір жеке ұстаушы бойынша).
 - 1) ұстаушының қосалқы шотының нөмірі;
 - 2) ұстаушының атауы немесе ұстаушының фамилиясы, есімі және әкесінің есімі (бар болса);
 - 3) дивидендтерді, сыйақыларды немесе облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды аудару жүзеге асырылатын мемлекеттік емес бағалы қағаздар ұстаушыға тиесілі саны;
 - 4) ұстаушының банктік деректемелері;
 - 5) ұстаушының салықтық жеңілдіктері туралы мәліметтер.
4. Осы баптың 3-тармағына сәйкес Орталық депозитарий жүргізген тексерудің кері нәтижесі жағдайында, ол Эмитентке Эмитент тізімінде келтірілген мәліметтер мен Орталық депозитарийдің ішкі есебінің деректері арасында айырмашылықтардың сипаттамасы бар тиісінше хабарламаны жібереді.
5. Орталық депозитарийден осы баптың 3-тармағына сәйкес Орталық депозитарий жүргізген тексерудің кері нәтижесі туралы хабарламаны алуы бойынша Эмитент Орталық депозитарийге төмендегі құжаттардың бірін ұсынуы тиіс:
 - 1) сәйкесінше түзетілген мәліметтері бар Эмитенттің тізімін; немесе
 - 2) (егер Эмитент тізімінде келтірілген мәліметтер мен Орталық депозитарийдің ішкі есебінің деректері арасындағы айырмашылықтар ұстаушының банктік деректемелері және/немесе оның салықтық жеңілдіктері туралы мәліметтеріне ғана қатысты болса, онда Эмитент Эмитенттің тізімінде келтірілген осы деректемелер туралы мәліметтер және/немесе жеңілдіктер Орталық депозитарийдің ішкі есебінің деректеріне қатысты нақты болып табылады деп есептейді) Эмитент тізімінде келтірілген ұстаушының банктік деректемелері туралы және/немесе оның салықтық жеңілдіктері туралы мәліметтердің дәлдігін растайтын хат.
6. Осы баптың 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Эмитенттің Орталық депозитарийге ұсынған Эмитент тізімі осы баптың 3-тармағымен белгіленген тәртіппен қайтадан тексерілуге жатады.
7. Орталық депозитарий дивидендтерді, сыйақыларды немесе облигацияларды өтеген кезде номиналды құнды төлеу үшін арналған ақшаны Эмитенттен алған ұстаушыларға келесі оқиға басталған күннен кейін кейінгі екі жұмыс күні ішінде аударарды:
 - 1) Орталық депозитарийдің Эмитент тізімін алуы (бастапқы немесе түзетілген мәліметтермен), ол бойынша осы баптың 3-тармағына

сәйкес Орталық депозитарий жүргізген тексерудің оң нәтижесі бар; немесе

- 2) ұстаушының банктік деректемелері және/немесе оның салық жеңілдіктері туралы мәліметтерді Эмитенттің тізімінде дәл келтірілгендігін растайтын хатты Орталық депозитарийдің алуы (егер мұндай хатты Эмитент Орталық депозитарийге осы баптың 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ұсынса).
8. Орталық депозитарий ұстаушыларға Орталық депозитарийдің "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру қағидасы" деген ішкі құжатымен белгіленген тәртіппен дивидендтерді, сыйақыларды немесе облигацияларды өтеген кезде номиналды құнды төлеу үшін арналған Эмитенттен алған ақшаны аударады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.
9. Орталық депозитарий дивидендтерді, сыйақыларды немесе облигацияларды өтеген кезде номиналды құнды төлеуді аяқтағаннан кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей Орталық депозитарий:
 - 1) Эмитентке осы Қағидаға 5-қосымшадағы нысан бойынша дивидендтердің, сыйақылардың немесе облигацияларды өтеу кезіндегі номиналдық құнның жүзеге асырылған төлемі туралы хабарлама жолдайды;
 - 2) Эмитентке Орталық депозитарийдің "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру қағидасы" деген ішкі құжатында айқындалған себептер бойынша ұстаушылар талап етпеген ақшаны аударады *(осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

(Осы бап Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 ақпандағы шешімімен өзгертілді).

8-бап. Төлем агенті қызметін көрсету туралы шартты жасау және бұзу жөніндегі жалпы ережелер

1. Эмитент пен Орталық депозитарийдің аталған Эмитент шығарған бағалы қағаздарға қатысты соңғының төлем агенті функцияларын жүзеге асыру кезіндегі өзара іс-қимылы осы Қағидаға сәйкес жасалған төлем агенті қызметін көрсету туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) негізінде жүзеге асырылады.
2. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар шығарған заңды тұлғалармен жасалуы мүмкін.
3. Қажет жағдайда Эмитент Шарт жасауға құжаттарды тапсырумен қатар бір мезгілде Орталық депозитарийге Орталық депозитарийдің "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" деген ішкі құжатына сәйкес факсимильдік хабарламалар түріндегі операциялық құжаттарды қабылдау және беру туралы шарт жасау үшін

құжаттарды тапсыра алады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

4. Қажет жағдайда Эмитент Шарт жасауға құжаттарды тапсырумен қатар бір мезгілде Орталық депозитарийге Орталық депозитарийдің "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" деген ішкі құжатына 2-қосымшадағы нысан бойынша құрастырылған құжаттар алмасу туралы өтінішті электронды құжат айналымы жүйесі арқылы тапсыра алады *(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.
5. Эмитент Шарт жасаған кезде тапсырылған құжаттарда өзгерістер болған жағдайда, өзгерістер болған немесе мемлекеттік тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Орталық депозитарийге өзгертілген құжаттарды тапсыруға міндетті.
6. Құжаттарды осы баптың 5-тармағына және осы Қағиданың 9-бабының 1-тармағына сәйкес берген кезде Эмитент міндетті тәртіппен берілген құжаттар тізбесі және оған (оларға) сәйкес құжаттар тізбесінде көрсетілгендер берілетін шартқа (шарттарға) сілтемелер бар ілеспе хатты қоса тіркейді.
7. Орталық депозитарий Эмитенттің өзгертілген құжаттарды бермегені немесе өз уақытында тапсырмағаны үшін жауапкершілік алмайды.

9-бап. Төлем агенті қызметін көрсету туралы шарт жасау тәртібі

1. Шарт жасау үшін өтініш беруші осы Қағидаға 6-қосымшада тізбеленген құжаттарды тапсыруы тиіс.
2. Өтініш беруші осы Қағидада белгіленген құжаттардың толық тізбесін тапсырған және құжаттар нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Орталық депозитарий Эмитентке Шарт жасау туралы хабарлама жібереді.
3. Өтініш беруші осы Қағидада белгіленген құжаттардың толық емес тізбесін тапсырған немесе құжаттар нысаны Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Орталық депозитарий Шарт жасаудан бас тартады және Эмитентке тиісті хабарлама жібереді.

10-бап. Төлем агенті қызметін көрсету туралы шартты бұзу тәртібі

1. Шартты бұзу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:
 - 1) Орталық депозитарийдің және Эмитенттің келісімі бойынша;
 - 2) Эмитент Орталық депозитарий қызметінің төлеміне Орталық депозитарий жазған шотты Орталық депозитарийдің "Тарифтер және алымдар туралы қағида" деген ішкі құжатында белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, Орталық депозитарийдің бастамасы бойынша бір жақты тәртіппен;
 - 3) Эмитенттің бастамасы бойынша бір жақты тәртіппен;
 - 4) Орталық депозитарийді банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру лицензиясынан айырған немесе Орталық депозитарийге оны ерікті қайтарған кезде.
2. Шартты осы баптың 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында қарастырылған жағдайларда бұзу Эмитент пен Орталық депозитарийде бір-біріне өзара талаптардың болмау шартымен ықтимал.
3. Эмитент Орталық депозитарий қызметінің төлеміне Орталық депозитарий жазған шотты Орталық депозитарийдің "Тарифтер және алымдар туралы қағида" деген ішкі құжатында белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, Орталық депозитарий Эмитентке Шартты бұзу туралы хабарлама жібереді.
4. Эмитент Орталық депозитарий Шартты бұзу туралы хабарлама жіберген күннен бастап 30 күннің ішінде өсімді ескере отырып, берешектің толық сомасын төлеген кезде, Орталық депозитарий Шартты бұзу туралы хабарламаны қайтарып алады.
5. Шартты осы баптың 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларында қарастырылған жағдайларда бұзу тараптар Шартқа сәйкес туындаған барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін жүзеге асырылады.
6. Шартты осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында қарастырылған жағдайда бұзу Орталық депозитарий депонентке депозитарлық қызмет көрсету шартын бұзу туралы хабарлама жіберген сәттен бастап 30 күннің аяқталуы бойынша жүзеге асырылады.

- 11-бап. Орталық депозитарийдің қызметін төлеу тәртібі** Орталық депозитарийдің төлем агенті қызметін көрсетуге байланысты қызметін төлеу тәртібі Орталық депозитарийдің "Тарифтер және алымдар туралы ереже" деген ішкі құжатымен белгіленеді.

12-бап. Қорытынды ережелер

1. Реттеу тәртібі осы Қағидамен айқындалмаған мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуге жатады.
2. Егер осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.

Президент

Е.В. Студенина

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Төлем агенті қызметін көрсету қағидасы**

Төлем агенті қызметін
көрсету қағидасына

1-қосымша

**Орталық депозитарий төлем агенті болып тағайындалған
бағалы қағаздар туралы
МӘЛІМЕТТЕР**

Күні:			
Шығыс нөмірі:			
Эмитенттің атауы:			
	Мәліметтер алғаш рет беріліп отыр		бұрын берілгеннің орнына
қажеттісін белгілеу			
№ р/н	Қаржы құралының атауы	Қаржы құралының түрі	Орталық депозитарий төлем агенті болып тағайындалған құжаттың атауы, № және күні

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Төлем агенті қызметін көрсету қағидасы**

Төлем агенті қызметін
көрсету қағидасына

3-қосымша

№ _____ [Эмитенттің атауы мен мекенжайы]
Күні _____
№ _____

**Дивидендтерді, сыйақыларды немесе облигацияларды өтеген кезде номиналды
құнды алуға құқығы бар бағалы қағаздарды ұстаушылардың**

Т І З І М І

*(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19
ақпандағы шешімімен өзгертілді).*

Тізім құрастырылған күн: _____

ҮСН: _____

Бағалы қағаздың түрі _____

Тізімді құрастыру себебі: _____

**[Төлемдер түрі (дивидендтер, сыйақылар,
номиналдық құн)]**

Эмитенттің атауы _____

№ р/н	Бағалы қағаздарды ұстаушылар туралы мәліметтер	Ұстаушының бағалы қағаздар саны туралы мәліметтер			Ұстаушының шотына аударуға жататын сома ⁹
		Ұстаушының сыйақы алуға құқығы бар бағалы қағаздарының саны	Оған ауыртпалық салынған бағалы қағаздар саны		
			ұстаушының кірісті басқару құқығын шектеусіз	ұстаушының кірісті басқару құқығын шектеумен	
	[Қосалқы шот] [Ұстаушының атауы немесе тегі, есімі және әкесінің есімі (бар болса)], [бағалы қағаздарды ұстаушының орналасқан жері (тұрғылықты жері)]				

⁹ Салықты шегергенге дейін.

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарий" АҚ Қағидалар жинағы:
Төлем агенті қызметін көрсету қағидасы**

<p>және пошталық мекенжайы],</p> <p>[бағалы қағаздарды ұстаушының дивидендтерді, сыйақыларды немесе бағалы қағаздардың номиналдық құнын аударуға арналған банктік деректемелері],</p> <p>[ұстаушының салық жеңілдіктері туралы мәліметтер].</p>				
<p>...</p>				
<p>[Қосалқы шот]</p> <p>[Ұстаушының атауы немесе тегі, есімі және әкесінің есімі (бар болса)],</p> <p>[бағалы қағаздарды ұстаушының орналасқан жері (тұрғылықты жері) және пошталық мекенжайы],</p> <p>[бағалы қағаздарды ұстаушының дивидендтерді, сыйақыларды немесе бағалы қағаздардың номиналдық құнын аударуға арналған банктік деректемелері],</p> <p>[ұстаушының салық жеңілдіктері туралы мәліметтер].</p>				
<p>Барлығы:</p>				

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Төлем агенті қызметін көрсету қағидасы**

Төлем агенті қызметін
көрсету қағидасына

4-қосымша

(Осы қосымша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді).

№ _____ [Орталық депозитарийдің атауы мен
Күні _____ мекенжайы]
№ _____

**Дивидендтерді, сыйақыларды немесе облигацияларды өтеген кезде номиналды
кұнды төлеу үшін бағалы қағаздарды ұстаушылардың**

Т І З І М І

(Осы тақырып Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 ақпандағы шешімімен өзгертілді).

Тізім құрастырылған күн: _____

ҰСН: _____

Бағалы қағаздың түрі _____

Тізімді құрастыру себебі: _____

**[төлемдер (дивидендтер, сыйақылар,
номиналдық құн) түрі]**

Эмитенттің атауы _____

№ р/н	Бағалы қағаздарды ұстаушы туралы мәліметтер	Ұстаушының бағалы қағаздар саны туралы мәліметтер			Ұстаушының шотына аударуға жататын сума ¹⁰
		Ұстаушының сыйақы алуға құқығы бар бағалы қағаздар саны	Ауыртпалық салынған бағалы қағаздар саны		
			ұстаушының кірісті басқару құқығын шектеусіз	ұстаушының кірісті басқару құқығын шектеумен	
	[Қосалқы шот] [Ұстаушының атауы немесе тегі, есімі және әкесінің есімі (бар				

¹⁰ Салықты шегергеннен кейін *(осы сілтемені нөмірлеу Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 ақпандағы шешімімен өзгертілді).*

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Төлем агенті қызметін көрсету қағидасы**

<p>болса)], [бағалы қағаздарды ұстаушының орналасқан жері (тұрғылықты жері) және пошталық мекен-жайы], [бағалы қағаздарды ұстаушының дивидендтерді, сыйақыларды немесе бағалы қағаздардың номиналдық құнын аударуға арналған банкілік деректемелері], [ұстаушылардың салық жеңілдіктері туралы мәліметтер].</p>				
<p>...</p>				
<p>[Қосалқы шот] [Ұстаушының атауы немесе тегі, есімі және (бар болса) әкесінің есімі], [бағалы қағаздарды ұстаушының орналасқан жері (тұрғылықты жері) және пошталық мекенжайы], [бағалы қағаздарды ұстаушының дивидендтерді, сыйақыларды немесе бағалы қағаздардың номиналдық құнын аударуға арналған банктік деректемелері], [ұстаушының салық жеңілдіктері туралы мәліметтер].</p>				
<p>Барлығы:</p>				

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Төлем агенті қызметін көрсету қағидасы**

Төлем агенті қызметін
көрсету қағидасына

5-қосымша

№ _____ [Эмитенттің атауы мен мекенжайы]
Күні _____
№ _____

**Жүзеге асырылған төлем туралы
[төлем (дивидендтер, сыйақылар, номиналдық құн) түрі]**

Х А Б А Р Л А М А

Тізім құрастырылған күн _____
ҰСН _____
Бағалы қағаздың түрі _____
Тізімді құрастыру себебі _____
Эмитенттің атауы _____
Төлеуге жатқан ақша сомасы _____
Төленген ақша сомасы _____
Талап етілмеген және төленбеген ақша сомасы _____

№ р/н	Бағалы қағазды ұстаушылар туралы мәліметтер	Ұстаушының бағалы қағаздар саны туралы мәліметтер			Ұстаушының шотына аударуға жататын сома	Ұстаушыға аударылған ақша сомасы немесе оған сәйкес ұстаушыға аударылмаған ақша сомасы құжатының атауы мен деректемелері
		Ұстаушының сыйақы алуға құқығы бар бағалы қағаздар саны	Ауыртпалық салынған бағалы қағаздар саны			
			ұстаушының кірісті басқару құқығын шектеусіз	ұстаушының кірісті басқару құқығын шектеумен		
	[Қосалқы шот] [Ұстаушының атауы немесе тегі, есімі және әкесінің есімі (бар болса)], [бағалы қағазды ұстаушының орналасқан жері]					

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Төлем агенті қызметін көрсету қағидасы**

<p>(тұрғылықты жері) және пошталық мекенжайы],</p> <p>[бағалы қағаздарды ұстаушының дивидендтерді, сыйақыларды немесе бағалы қағаздардың номиналдық құнын аударуға арналған банктік деректемелері],</p> <p>[ұстаушының салық жеңілдіктері туралы мәліметтер].</p>					
<p>...</p>					
<p>[Қосалқы шот]</p> <p>[Ұстаушының атауы немесе тегі, есімі және әкесінің есімі (бар болса)],</p> <p>[бағалы қағазды ұстаушының орналасқан жері (тұрғылықты жері) және пошталық мекенжайы],</p> <p>[бағалы қағаздарды ұстаушының дивидендтерді, сыйақыларды немесе бағалы қағаздардың номиналдық құнын аударуға арналған банктік деректемелері],</p> <p>[ұстаушының салық жеңілдіктері туралы мәліметтер].</p>					
<p>Барлығы:</p>					

Төлем агенті қызметін
көрсету қағидасына

6-қосымша

**Төлем агенті қызметін көрсетуге арналған шарт жасау үшін
ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ**

№ р/н	Атауы
1.	Осы Қағидаға 6- қосымшада белгіленген нысан бойынша төлем агенті қызметін көрсетуге арналған шарт жасауға өтінім
2.	Орталық депозитарийдің "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" деген ішкі құжатына 2-қосымшадағы нысан бойынша электронды құжат айналымының жүйесі арқылы құжат алмасу туралы өтініш <i>(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)</i>
3.	Орталық депозитарийдің "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру қағидасы" деген ішкі құжатына 5-қосымшадағы нысан бойынша факсимильдік хабарламалар түріндегі операциялық құжаттарды қабылдау және беру туралы шарт жасауға өтінім <i>(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)</i>
4.	Эмитентті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі (Орталық депозитарийдің депоненттері болып табылмайтын эмитенттер үшін)
5.	Қолтаңба үлгілері бар карточка (түпнұсқалығы нотариалдық куәландырылған) және мөр бедері бар карточка ¹¹ <i>(осы тармақ Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)</i>
6.	Орталық депозитарийдің бұйрықтарын немесе басқа құжаттарын беруге және Орталық депозитарийдің есептік және басқа құжаттарын алуға құқығы бар уәкілетті тұлғаларға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген сенімхат
7.	Осы Қағидаға 1-қосымшадағы нысан бойынша бағалы қағаздар туралы мәліметтер

¹¹ Орталық депозитарийдің интернет-сайтында http://www.kacd.kz/ru/for_clients/general_documents/templates/ мекенжайы бойынша осындай құжаттар нысандарының электронды файлдарын орналастырады *(осы сілтеме Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен өзгертілді)*.

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Төлем агенті қызметін көрсету қағидасы**

Төлем агенті қызметін
көрсету қағидасына

7-қосымша

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-мен төлем агенті қызметін
көрсетуге арналған шарт жасауға арналған
ӨТІНІШ**

_____ ЖЫЛҒЫ _____

№ _____

Осы арқылы _____,
бұдан әрі "Эмитент" деп аталады (_____,
(Орталық депозитарийдегі қосалқы шот нөмірі немесе қосалқы шоттар нөмірі) _____),
(Эмитенттің заңды тұлға ретінде тіркелуін растайтын құжат берген органның атауы, құжат нөмірі мен күні)

_____ негізінде әрекет ететін
_____ арқылы

шарт жасайтынын және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына кіретін Төлем агенті қызметін көрсету қағидасының 8-қосымшасы болып табылатын төлем агенті қызметін көрсету шартында белгіленген шарттарға орындауға міндеттенетіндігін;	_____ <small>(уәкілетті тұлғаның қолы)</small>
"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағымен танысқандығын, "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар шарттарын орындауға міндеттенетіндігін және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына соңында барлық енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайтынын;	_____ <small>(уәкілетті тұлғаның қолы)</small>
жазылған шоттарға сәйкес "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ қызметтерін төлеуге міндеттенетіндігін мәлімдейді.	_____ <small>(уәкілетті тұлғаның қолы)</small>

Эмитенттің заңды мекенжайы: _____

Эмитенттің банктік деректемелері: _____

(Эмитенттің уәкілетті тұлғасының лауазымы, тегі, есімі, әкесінің есімі (бар болса) және қолы)

М.О.

Төлем агенті қызметін
көрсету қағидасына

8-қосымша

Төлем агенті қызметін көрсету туралы

Ш А Р Т

(стандартты нысан)

Осы Шарт (бұдан әрі – Шарт) қосылу шарты болып табылады және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) мен бағалы қағаздар эмитенті (бұдан әрі – Эмитент) арасындағы Орталық депозитарий Эмитентке төлем агенті қызметін көрсеткен кездегі қатынастарды реттейді.

1-бөлім. ШАРТТЫ ЖАСАУ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ

- 1.1. Шарттың шартын, сондай-ақ оған кезекті өзгерістер мен толықтыруларды Орталық депозитарий айқындайды және Эмитент жалпы тек Шартқа Эмитенттің қосылуы жолымен қабылдануы мүмкін.
- 1.2. Эмитенттің Шартқа қосылуы Эмитенттің Орталық депозитарийге "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағына кіретін Төлем агенті қызметін көрсету қағидасына (бұдан әрі – Қағида) 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша құрастырылған өтінішті, сондай-ақ тізбесі Қағидаға 6-қосымшада белгіленген құжатты беру жолымен жүзеге асырылады.
- 1.3. Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Шартқа өзгерістер енгізуге құқылы.
- 1.4. Орталық депозитарий Орталық депозитарийдің Интернет-сайтына Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды орналастырады, Эмитент онымен Орталық депозитарийден хабарлама алғаннан кейін танысуы тиіс.
- 1.5. Шартқа өзгерістер мен толықтыруларға өзі келісім бермеген жағдайда, Эмитент Шартты бұзуға құқылы.

2-бөлім. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 2.1. Орталық депозитарий Эмитентке төлем агенті қызметтерін көрсетеді.
- 2.2. Эмитент "Тарифтер және алымдар туралы ереже" (бұдан әрі – Тарифтер) деген Орталық депозитарийдің ішкі құжатында белгіленген тәртіп пен мерзімде Орталық депозитарий қызметтерін төлейді.
- 2.3. Орталық депозитарий мен Эмитенттің (бұдан әрі – Тараптар) өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, "Бағалы қағаздар

орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағымен (бұдан әрі – Қағидалар жинағы) және/немесе Шартпен реттеледі.

3-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1. Орталық депозитарий құқылы:

- 1) Эмитент Орталық депозитарий Тарифте белгіленген Орталық депозитарийдің қызметін төлеуге жазған шотты мерзімінде төлемеген жағдайда, Эмитентке төлем агенті қызметін көрсетпеуге;
- 2) Эмитент Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Қағидалар жинағын және Шартты бұзған жағдайда, Эмитентке төлем агенті қызметін көрсетпеуге.

3.2. Эмитент құқылы:

- 1) Эмитент Қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен мен мерзімде шығарған бағалы қағаздар ұстаушыларының тізімін алуға;
- 2) Орталық депозитарий өзінің міндеттемелерін тиісті орындамаған жағдайда, өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тиісті мемлекеттік органдарға жүгінуге.

4-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Орталық депозитарий міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қағидалар жинағын сақтауға;
- 2) Қағидалар жинағымен және Шартпен жүктелген міндеттемелерді тиісінше ретпен орындауға;
- 3) Эмитенттің назарына Қағидалар жинағына (соның ішінде Шарттың нысанына), Тарифтерге және Орталық депозитарийдің "Операциялық регламент" деген ішкі құжатына өзгерістер мен толықтыруларды олар күшіне енгенге дейін кемінде 15 күннің ішінде жеткізуге (*осы тармақша Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 19 ақпандағы шешімімен өзгертілді*);
- 4) Эмитентке көрсетілген қызметтер үшін Тарифтерге сәйкес шот жазуға.

4.2. Эмитент міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қағидалар жинағын сақтауға;
- 2) Қағидалар жинағымен және Шартпен жүктелген міндеттемелерді тиісінше ретпен орындауға;
- 3) Тарифтерде белгіленген тәртіппен және мерзімде Орталық депозитарийдің қызметтерін төлеуге.

4.3. Тараптардың біреуінің Шарт жасаған кезде берген ақпараты өзгерген жағдайда, Тарап өзгерістер күнінен бастап бес күннің ішінде бұл туралы басқа Тарапқа жазбаша хабарлауға және қажет кезде жаңа құжаттарды беруге міндетті.

5-бөлім. ҚҰЖАТТАР АЛМАСУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Эмитент пен Орталық депозитарий арасындағы құжаттар алмасу тәртібі Қағидалар жинағымен белгіленеді.

6-бөлім. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 6.1. Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Тараптар, егер Шартта өзге ештеңе қарастырылмаса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылық көтереді.
- 6.2. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаудан немесе тиісті орындамаудан болған бір-біріне шынайы көлемдегі шығындар келтірген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзара жауаптылық көтереді.
- 6.3. Эмитент Орталық депозитарийге жолданған бұйрықта көзделген ақпараттардың ресімделу дұрыстығы мен сенімділігі үшін жауаптылық көтереді.
- 6.4. Орталық депозитарий Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидалар жинағында және Шартта белгіленген талаптарды орындамаған кезде өзінің міндеттемелерін орындамағаны үшін жауаптылық көтермейді.
- 6.5. Орталық депозитарий үшінші тұлғалар кінәсінен Эмитентке келтірілген залал үшін жауаптылық көтермейді.
- 6.6. Орталық депозитарийдің қызметін төлеу бойынша міндеттемелерді өз уақытында орындамағаны үшін Эмитент төлем күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 ресми ставкасы көлемінде төленбеген сомадан есептелетін мерзімі өткен әрбір күн үшін өсім төлеуге міндетті.

7-тарау. ТОСЫН ЖАҒДАЙ

- 7.1. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайларының (тосын жағдайлардың) басталуы салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайда, бір-бірінің алдында жауаптылық көтермейді. Тосын жағдайларға атап айтқанда, жер сілкіну, тасқын, сел, кез-келген сипаттағы әскери қимылдар, блокада, уәкілетті мемлекеттік органдарының, оның ішінде Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін шетел мемлекеттері органдарының шешімдері, сондай-ақ олардың пайда болуы Тараптарға байланысты емес себептер бойынша Шартты орындауға кедергі келтіретін кез-келген өзге жағдайлар жатады.
- 7.2. Тараптар бұл кедергі келтіру және міндеттемелерді орындауға ықпал ететін оның салдары Тараптардың біріне мәлім болғаннан кейін ықтимал болса, тосын жағдайлардың туындағаны туралы бір-біріне хабарлауға міндеттенеді. Шарт

бойынша міндеттемелерді орындау осындай жағдайлар әрекетінің кезеңіне тоқтатылады. Тосын жағдайлардың басталу фактісі тиісті құжаттармен расталуы тиіс.

- 7.3. Еңсерілмейтін күштер әрекеті тоқтаған кезде Тараптар Шарт бойынша алған міндеттемелерді тиісті орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Егер тосын жағдайлардың әрекет ету кезеңі үш айдан артық жалғасса, Тараптар Шартты өзара келісім бойынша бұзуға құқылы.

8-тарау. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

- 8.1. Шарт Орталық депозитарий Эмитентке берген Шартты жасау туралы хабарламада көзделген күннен бастап күшіне енеді және өзінің қолданылуын Қағидалар жинағында және Шартта белгіленген жағдайларда тоқтатады.
- 8.2. Шарт Шартты бұзу туралы келісімге қол қойған сәтте өзара талаптар болмаған кезде Тараптардың келісімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге жағдайларда бұзылуы мүмкін.
- 8.3. Әрбір Тарап бір-біріне бұл туралы болжанған бұзу күніне дейін 30 күнтізбелік күннің ішінде жазбаша хабарлай отырып, Шартты бір жақты тәртіппен бұзуға құқылы.
- 8.4. Шарт Орталық депозитарийді банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензиядан айырған немесе Орталық депозитарийге ерікті қайтарылған кезде бұзылады.
- 8.5. Шарттың тоқтауы Тараптарды Шарттың шартына сәйкес туындаған міндеттемелерді оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін орындаудан босатпайды.
- 8.6. Тараптардың біреуінің ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт заңды күшін жоғалтпайды, ол құқықтық мұрагерге көшеді.

9-тарау. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 9.1. Шарттың талаптарын орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар бір-бірінің мүддесін ескере отырып, оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.
- 9.2. Тараптар дауларды өзара келісіммен шешуге қол жеткізбеген кезде, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

10-тарау. ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДІҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

10.1. Орталық депозитарийдің заңды мекенжайы мен деректемелері Орталық депозитарийдің интернет-сайтында жарияланады.